

Үржар ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 17 наурыздағы № 72 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Абай облысы Үржар ауданының ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Абай облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 30 қарашадағы № 369 қаулысы. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 5 желтоқсанда № 175-18 болып тіркелді.

Үржар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Үржар ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 17 наурыздағы № 72 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Абай облысы Үржар ауданының ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5035 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

қаулының тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Абай облысы Үржар ауданының азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы";

аталған қаулының қосымшасының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары:

1) аудандық маңызы бар ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын үйде қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі;

2) қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

3) психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

4) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А. Башимбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Үржар аудандық мәслихаты

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК